

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рушанова Неля Берікқызының «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздегі ғылымның дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының арасынан - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттының - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.
	Критерийлер мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	«6D02100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертация жұмысының жалпы мазмұны мен нәтижелері гуманитарлық ғылымға елеулі үлес қосады. Өйткені еңбекте әл-Фараби мұрасын философиялық талдау арқылы маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізілген. Ғылыми нәтижелердің маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Автордың жұмысты өзі жазу деңгейі біршама жоғары. Автор мәселені сыни талдау арқылы барынша ғылыми нақты деректерге сүйене отырып баяндайды және еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта өрнектелгені байқалды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының гуманитарлық ғылымдар мен ұлттық болмысты өркендету бағытындағы өзектілігі мол және оның мазмұны күмән туғызбайды. Надандық құбылысының ерекшеліктері сыни талдаудан өткен, оның әртүрлі болмыстық қырлары объективті

		<p>тарихи және заманауи үдерістермен байланыстырыла қарастырылған.</p> <p>Ғылыми еңбектің мазмұны мен мәтіні негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындап береді. Тақырыпқа негіз болған арқау мен оның мәтіндегі ғылыми баяндалуы қанағаттандыруарлық деңгейде. Сонымен қатар оның ғылыми-теориялық және практикалық жағынан маңызы зор. Автор тарапынан әл-Фараби шығармашылығындағы қарастырылған надандық мәселесі философиялық тұрғыда талданған.</p> <p>Зерттеу тақырыбына диссертациялық жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттер толық сәйкес келеді және әр қайсысы ретімен келтірілген екен. Жоспар тақырыпты барынша кең ашып берген. Жұмыстың негізгі мақсатын айқындау үшін әлемдік және отандық философиядағы еңбектер ашып көрсетілген. Диссертация мәтіндегі зерттеу міндеттері орынды айшықталған.</p> <p>Диссертацияның құрылымы үш бөлімге және соған сәйкес келетін баптарға жіктеліп, олар негізінен бір-бірімен өзара логикалық тұрғыда байланысады. Жұмыста алдымен ұғымдық және теориялық-әдіснамалық мәселелерді философия тарихы тұрғысынан қарастырады. Содан соң жұмыста түркілік және қазақ философиясындағы надандық құбылысына</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p><b>1) айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	

		<p>катысты өртүрлі сыни ұстанымдардың маңыздылықтары қарастырылады. Жұмыстың соңғы тарауында қазіргі тәуелсіз Қазақстанда жағдаятындағы надандықтың көріністеріне сыни талдаулар жасалып, оны еңсерудің маңызды тетіктері ұсынылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ауқымында біршама жаңа ғылыми шешімдер жасауға әрекеттер жасалған. Сондықтан сыни талдаудың кейбір элементтерін жұмыстың мазмұнынан байқауға болады. Түркі және қазақ философиясының тарихын зерделеумен айналысатын мамандар негізінен оң мағынадағы руханияттың қырларын айқындаумен айналысып келгені орынды айтылған. Қоғамдағы теріс мағынадағы күрделі мәселелерді сыни талдаудан өткізудің маңызы зор. Сондықтан автор көрнекті Шығыс ойшылының рухани мұрасын зерделей отырып осы руханияттың қыры үнемі зерттеу тәжірибесінен сыртта қалып келгендігін көрсетеді. Жалпы диссертациялық жұмыста автор өзінің ұсыныстарын сыни талдаудан өткізілген зерттеулердің нәтижелері деп көрсеткен.</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидағтары негізінен алғанда, яғни толығымен жаңа деп бағаланады. Автор тарапынан қол жеткізілген ғылыми нәтижелер. Бірінші қағида - әлемдік деңгейдегі этикалық ойтолғамдар тарихы аясындағы</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <b>сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75%)</p>	

<p>надандық феноменінің даналыққа карама-карсы ұғымдық мағынасын тарихи-философиялық тұрғыдан зерделеу арқылы оның мағынасы бағамдалды; екінші қағидаг – әл-Фараби философиясындағы әдеп мәселелері тұрғысынан надандықтың кейбір антиэтикалық қырлары карастырылып, оған карсы тұратын құбылыстардың рухани кабілеттері айкындалды; үшінші қағидаг – әлеуметтік ортада калыптасқан қайшылықты ахуалдың кейде надандықты күшейту мүмкіндігі мен ықтималдылығы көрсетіліп, оның терең жатқан құбылыстық себептері айшықталды; төртінші қағидаг – Шығыс пен Батыстың карым-қатынасының негізін құрайтын маңызды қырлар анықталып, надандық құбылысын байыптауларға арналған түсініктерге философиялық талдаулар жасалды, бесінші қағидаг – әл-Фараби дүниетанымында жүйеленген надандыққа катысты сыни этикалық ұстанымдардың аксиологиялық сипаттамасы берілді, алтыншы қағидаг - надандықтың мағынасы мен мәніне онтологиялық және гносеологиялық зерделеулер жасалып, олардың құбылыстық қасиеттері сараланып, дүниені түсінудегі маңызы көрсетілді, жетінші қағидаг - түркі және ислам өркениетінің өзара ықпалдасуы аясында тарихи қалыптасқан әл-Фарабидің этикалық ұстанымдар жүйесінің терең мазмұндық сипаты мен маңызы айшықталды; сегізінші қағидаг - әл-Фарабидің этикалық сипаттағы философиялық жүйесінің кейінгі тарихи кезендердегі ойшылдар шығармашылығында</p>	<p>жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		
---	---	--	--

<p>рухани сабақтастықпен дамыталғаны көрсетілді; тоғызыншы қағидағ - әл-Фараби рухани мұрасында басымдық танытатын ізгілік қағидатының надандыққа қарсы тұратын ерекше тетік ретіндегі сипатын заманауи кезеңнің сипатына сай өрбітудің тиімді жолдары анықталды.</p>	
<p>Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары халқымыздың тарихындағы түркілік кезең мен қазіргі Қазақстандағы әл-Фарабиден бастау алған ойшылдардың әлеуметтік дүниені талдап, надандыққа қарсы қояр рухани тұжырымдарын жүйелі зерделеуден өткізгені байқалды. Әсіресе, рухани сабақтастықпен беріліп отырылған этикалық категориялардың маңыздалынуы орынды. Тағы бір диссертациялық жұмыстың назар аудартағын практикалық нәтижесі - қазіргі әлеуметтік практикада әл-Фараби идеяларын автордың жандандыра отырып насихаттауды дәлелдеуге талпынуын жағқызамыз. Сондықтан диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары «толығымен жаңа» деп бағаланады. Қазіргі «Әділетті Қазақстан» бағытын ұстанған еліміздің дамуы үшін надандық феноменінің теріс қырларын аша түскеніміз орынды. Осындай ұтымды тәжірибені қазіргі замандағы адал азаматты қалыптастыру мен дамыту жағдайында ескеруіміз жөн.</p>	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның жұмыстың зерттеу тақырыбы мен оның ғылыми нысаны гуманитарлық ғылымдар саласына толықтай жатады және сонымен қатар зерттеу пәнаралық сипатқа да ие болады. Ғылыми жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық және экономикалық салаларға жатпайды, дегенмен автордың кейбір гуманистік мағынадағы идеялары мен мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты ұстанымдары еңбектің жалпы мазмұнына «толығымен жаңа» деген бағалауға негіз болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі мазмұны тақырыпқа лайықты сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып дәйектелген. Заманауи Қазақстанның дамуындағы руханиятты қалыптастыратын этикалық құндылықтардың басты ерекшеліктері барынша сұрыпталған, оның еліміздің саяси, әлеуметтік өміріндегі орны мен рөлі айшықталған, философиялық мәселе ретінде маңыздандырылған. Зерттеуші өзінің шығармашылық практикасында әл-Фарабидің рухани мұрасын кенінен зерттей береді, сонымен бірге еліміздің көрнекті ғарабитанушылар тобына қосылады деген ойдамыз.
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	7.1 Жалпы диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидағтар нақты дәлелденген және олар сыни ғылыми

негізгі қағидағтар	<p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?  <b>1) дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  <b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  <b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  <b>1) ия;</b>  2) жоқ</p>	<p>тұрғыда дәйектелген. Автор зерттеу жұмысында философия саласымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әліснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдердің топтамасын пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген.</p> <p>7.2 Диссертациялық еңбек қағидағтары тривиалды, яғни үстірт емес. Бұл бапқа «жок» деген баға беріледі. Әрбір нәтиже теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізілген. Сонымен қатар автор тарапынан теориядан практикаға шығудың жолы іздестірілген. Әрине, жұмыстағы кейбір ұсыныстарды практика жүзінде сараптаудан өткізіп, екшелей түсу керек екені анық.</p> <p>7.3 Жұмыстың басты қағидағтарының барлығының жаңалығы бар деп бағаланады. Жалпы қағидағтардың жалпы саны тоғыз екені байқалды. Бірінші қағидағ надандық құбылысының кейбір қасиеттерінің айқындалатын қырлары әл-Фараби философиясына сәйкес ұғымдық дәйектеуден өткізілген, екінші қағидағ – надандық пен даналық элеуметтік қарама-қарсы құндылықтық мағыналар ретінде айқындалады, үшінші қағидағ – надандық тұлғалық қалыптасудың кейбір қисындарының бұзылуы, ішкі маңызды негіздердің қайшылықтары ретінде айшықталады, төртінші қағидағ – надандықтың Шығыс пен Батыстың диалогы ауқымында рационалды және рухани үйлесімсіздіктің</p>
--------------------	---	---

ерекше сипаты екендігі негізделеді, бесінші қағидат – надандыққа аксиологиялық зерттеу тұрғысынан талдаулар жасалады, алтыншы қағидат – надандықтың болмыстың негіздері көрсетілік, танымдық қырлары айқындалады, жетінші қағидат – түркілік және исламдық негіздердің надандықтың теріс үлгісін сыни қарастыру дәйектелген, сегізінші нәтиже – рухани сабақтастық тұрғысынан надандықтың сипатталуы дәлелді көрсетілген, тоғызыншы нәтиже – надандықты зерделеудің заманауи кезеңге сай практикалық құндылығы сипатталған. Жоғарыдағы жетістіктерге орай рецензент тарапынан осы бапқа тұтастай алғанда «Иә» деген баға берілді.

7.4 Ғылыми қағидағтардың практика қолдану деңгейіне «кең» деген баға берілді. Ғылыми нәтижелерді гуманитарлық пәндердің, оның ішінде философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет салаларында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. Сондықтан «кең» деп бағаланды.

7.5 Жұмыстың негізгі қағидағтары жарияланымдар деңгейінде жеткілікті көрсетілген, сынақтан өткен. Автор мақалалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың ғылыми мақаласы жарияланған. Бұл салада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай

			жұмыстар жасалған. Сондықтан «Иә» деген баға беріледі.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жок</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары</p>	<p>Ғылыми әдістемені таңдауы орынды, автор тарапынан жақсы негіздемелер бар. Сондықтан әдіснама сараптау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес келеді. Өйткені автор ғылыми әдістеменің дәстүрлі жолдарымен бірге инновациялық тәсілдерді, панаралық ғылыми әдістерді қолданған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми әдістері мен деректері тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы қолданылғаны байқалды. Автор компьютерлік игерулерді зерттеу нәтижелерінде қолданған. Нәтижелерін жақсы дәйектелген. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа сәйкес келеді.</p> <p>Надандық сияқты антизикалық құбылысты категориялық мағынада зерделеуге байланысты диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар өзара ішкі байланыста дәйектелген. Мәселен, автор қоғамдағы келеңсіз үдерістер мен кейбір деструктивті қарым-қатынастарға қатысты ойларын сыни ойлау зерттеулері арқылы дәйектеген. Осыған орай, бұл бап</p>

	<p>үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p>бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деп тұжырымдалады.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Жұмыста ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда нақтылықтар байқалды. Әрине, автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қамти алғанмен назардан тыс қалған жұмыстар байқалады. Мәселен, әлемдік әдебиет классикасындағы көптеген сатиралық романдар мен пьесаларға автор тарапынан сыни түсіндірмелер берілмеген. Дегенмен, диссертацияда келтірілген көптеген сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді тереңінен дәйектеуге көмектесеті деген ойдамыз. Соңғы уақытта жарық көрген қазақстандық философтардың даналық мәселесіне арналған еңбектерге автор өзінің болашақ ғылыми жұмыстарында кенінен тоқталып кетеді деген ойдамын.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Жалпы пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты ғылыми және әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор даналық, диалог, парасаттылық деген ұғымдарды надандыққа қарсы қояды. Сонымен бірге сол сияқты ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтаған. Әрине, тәуелсіздік жылдары жарық көрген адамның</p>

9	Практикалық құндылық принципі	<p>рухани қалыптасуына қатысты кейбір іргелі еңбектерді де тізімге қосуға болар еді. Олар әдеби шолудың ауқымын кеңейте түседі. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген ойдамын.</p>	<p>рухани қалыптасуына қатысты кейбір іргелі еңбектерді де тізімге қосуға болар еді. Олар әдеби шолудың ауқымын кеңейте түседі. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген ойдамын.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:  <u>1) ия;</u>  2) жоқ</p>	<p>Автор қорғауға ұсынған диссертация тақырыбының теориялық маңызы үлкен. Себебі, надандықтың құбылысын тереңінен зерделеген сайын қоғамдағы әділеттілік пен адалдықты бекіте аламыз. Сондықтан «иә» деген жауап беріледі.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:  <u>1) ия;</u>  2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұнында алынған қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларында, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. Сонымен қатар, Әл-Фараби шығармашылығын, мұрасын Қазақстан Республикасы көршілес мемлекеттермен, шет елдермен өзара бірігіп зерделеген орынды. «Иә» деген жауап берілді.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?  <u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация мәгіні тақырыпты тарихи-философиялық тұрғыдан талдауға бағытталғаны байқалды. Бірақ теориялық ойлармен қатар автордың практикалық салада қолдануға болатын ұсыныстары бар. Мәселен, Әл-Фарабидің рухани мұрасында даналық пен надандық қарама-қарсы келуі мәселесіне қатысты идеяларды рухани-адамгершілік, дүниетанымдық</p>

			тұрғыдан әлеуметте қолдану ұсыныстары келтірілген.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.		Жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Жалпы автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған тарихи-философиялық сыни талдаудың тәсілдерін кеңінен қолданады.

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

1) «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рушанова Неля Берікқызының «Әл-Фарабидің этикалық философиясындағы надандық мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
Институты, философия ғылымдарының докторы,  
профессор

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(Аты-жөні)

  
(КОЛЫ)

Нұрмұратов Серік Есентайұлы

